10. Kapitonov A.E. Corporate culture as a strategic direction for the development of social and labour relations. Thesis for the degree of the Doctor of Social Sciences. – Rostov-on-Don, pp. 99–101.

11. Mogutnova N.N. Corporate culture: definition, approaches // Sociological studies. – 2005. – №4.

12. George G. M., Jones G.R. Organizational behavior: A textbook for high schools / Transl. from English ed. by Prof. E.A. Klimov – Moscow: UNITI-DANA, 2003. – 365–366 pp.

13. Jaques E. The changing culture of a factory. – New York: Dryden Press. 1952 – 251 pp.

14. Schwartz H, Devis S Matching corporate culture and business strategy // Organizational dynamics, 1981.

15. Ouchi W. Theory Z.; How American business can meet the Japanese challenge – Reading, M.A: Addison Wesley, 1983

16. Shane E. Organizational culture and leadership: A textbook / Ed. Shane E. – St. Petersburg, Publishing House “Piter”, 2007. – 336 pp.

17. Usmanov B.F. Management style: methodological and sociological aspects – Moscow, Social Medium, 1993. – 35 pp.

18. Shekshnya S.V. Staff management in a modern organization. – Moscow, Intsa-Synthesis, 1998 – 24 pp.

19. Tuteeva N.K. The organizational culture of the school as a factor in improving

student performance 13.00.01 Thesis for the degree of Candidate of Pedagogical Sciences. – А., 2009. – 155 pp.

АЛГОЖАЕВА Н.С., КЕРИМБЕКОВА У.С. ОБ ИССЛЕДОВАНИИ ОРГАНИЗАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ В ВУЗАХ

В статье авторы рассматривают вопросы развития организационной культуры студентов в высшем учебном заведении. На сегодняшний день главной задачей высших учебных заведений является формирование конкурентоспособной личности, владеющей профессиональными навыками, развитие логического мышления студентов, подготовка специалистов, способных нестандартно, гибко и своевременно реагировать на изменения, которые происходят в мире. Авторы утверждают, что в реальности понятия «организационная культура» и «корпоративная культура» неотделимы друг от друга, за рубежом эти термины используются как синонимы. Проанализировав определение организационной культуры в работах других исследователей, авторы предлагают свое определение.

Они делают выводы о том, что формирование организационной культуры студентов в вузе играет важную роль, поскольку учебное заведение, имеющее развитую организационную культуру, является наиболее укрепленным изнутри, объединенным по духу, ценностям и целям. Формирование организационной культуры студентов является неотделимой частью их адаптации к социальной жизни.

Ключевые слова: культура, организация, организационная культура, корпоративная культура.

ALGOZHAYEVA N.S., KERIMBEKOVA U.A. ON THE STUDY OF ORGANIZATIONAL CULTURE OF HIGH SCHOOL STUDENTS

The authors study the development of organizational culture of students in a high school. Today, the main tasks of higher educational institutions include forming of a competitive person, acquisition of professional skills, the development of logical thinking of students, the preparation of specialists able to respond to changes that occur in the world in a non-standard, flexible and timely manner. The authors note that in reality the concepts of «organizational culture» and «corporate culture» are inseparable from each other, and abroad these terms are used as the synonyms. Having analysed the term “organizational culture”, the authors provide their own definition.

The authors conclude that forming of organizational culture of high school students plays an important role, as a higher educational institute with a developed organizational culture is more strengthened from the inside, is united in its spirit, values and goals. Forming of organizational culture of students should be an integral part of their adaptation to social life.

Keywords: culture, organization, organizational culture, corporate culture

ӘОЖ 378

ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ЖҮЙЕСІНЕ ЖОБАЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ

М.Е. БАТЫРОВ

Берілген мақалада оқытудың кредиттік жүйесінде заман талабына сай технологиялардың маңызы қарастырылады. Бұл технологияларды қолданған кезде мынадай талаптар орындалуы тиіс деген тұжырым айтылады: пәндік білімді игеру; алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу; пәнаралық байланысты нығайту; әртүрлі ақпараттармен жұмыс істей білу; ақпараттық технологияны тиімді, ұтымды қолдану; топпен, жұппен жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыру; берілген проблеманы шешу; өздігінен шешім қабылдауға дағдылану; танымын кеңейту; шығармашылық белсенділігін таныту; өз ойын еркін айтуға дағдылану; жауапкершілік; жұмысты тиянақты орындау дағдысы.

Автордың пікірі бойынша, оқытудың жобалау технологиясы осы талаптардың барлығына жауап береді. Оқу үдерісінде оқытудың жобалау технологиясын енгізудің бірнеше себептерін атап көрсетеді. Сонымен, білім беру үрдісіне жобалай оқыту технологиясын енгізу субъектіге қатысы жайлы мынадай тұжырымдарды тудырады: білім алушының тәжірибе жүзінде алынған білімі құнды әрі нақты болады; индуктивті жолдан дедукцияға қарай бағытталуды негізге алады; студенттің танымдық белсенділігі жоғары болады; студент белсенді субъектіге айналады.

Кілтті сөздер: оқу үдерісі, студент, оқыту технологиясы, кредиттік оқыту жүйесі, жобалау технологиясы, білім, субъект.

Кіріспе

Қазіргі кезең ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар, күрделі экономикалық реформалармен ерекшеленеді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар педагог маман дайындау – мемлекеттің ең маңызды стратегиясы.

Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде көрсетілгендей, білім берудің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау: білім алушыны тәрбиелеу, білім бере отырып, жан-жақты қалыптастыру, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау,

ақпараттандыру, денсаулығын нығайту. Осы қасиеттерді білім алушы болашақ маманның бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау ісін қайта қарау, оның мазмұны мен құрылымын өзгертуді ғана талап етпей, сонымен қатар оның бүкіл бағдарбағытын түбегейлі жетілдіруді керек етіп отыр. Себебі, қай саладан болса да, өз мамандығының шебері, өздігінен ізденуге мүмкіндігі бар, кәсіби әрекеті жоғары маман даярлау мәселесі қазіргі заманның басты талабына айналды.

Негізгі бөлім

Студенттерге кәсіби білімді қалыптастыру жолдарының бірі – білім беру

үрдісінде олардың өзіндік жұмыстарын күшейту. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына» атты дәрісінде: «Жеке тұлғаны функционалдық тұжырымдамасынан дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» – деген болатын [1].

Бүгінгі күні жоғары оқу орындарының білім берудің кредиттік жүйесіне көшуіне байланысты студенттердің шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу, біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы-оқытушы мен білім алушы-студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесі мүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілді. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, өзіндік жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны ұйымдастырудың педагогикалық-психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады. Студенттердің өзіндік жұмысына берген түрлі анықтамаларды саралай келе, студенттердің өзіндік жұмысы (СӨЖ) – жоғары мектептің оқу үдерісінде студенттің өзіндік әрекетін ұйымдастырудың және басқарудың ерекше құралы деп есептейміз. Ғылыми әдебиеттерде ол оқытудың құралы, оқу-ғылыми танымның формасы, шығармашылық ойлау әдісі ретінде де қарастырылады. Өзіндік жұмыстың түрлері көп болғанымен, оның студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға бағытталған түрлерін, оны орындауға жұмсалатын уақытын және нәтижесін айқындайтын критерийлерін

саралаудың да өзіндік ерекшелігі бар. Сол себептен де кәсіби шеберлікті қалыптастыруда өзіндік жұмыстарды ұйымдастыруды негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарауға тура келді.

Қазіргі таңда студенттердің білімін жетілдіруге оны жан-жақты дамытуға жол ашатын технологиялар баршылық. Болашақ маманды дамыту құралы ретінде оларды шығармашылыққа баулитын және оны іске асырудың педагогикалық шарттарын айқындауға мүмкіндік беретін тиімді технологияларды қолдану қажеттілігі туады.

Білім беру саласындағы жаңа тұжырымдамалар, оқытудың кредиттік жүйесінің енгізілуіне байланысты білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін сапалы білім беруге жағдай жасау, инновациялық технологияларды енгізу басты міндетке айналды. Білім беру технологиясы ұғымына ғалымдар мынадай анықтамалар береді:

Оқытудың жоспарланған нәтижесіне жету үрдісін суреттеу (И.П.Волков).

Өнер, шеберлік, ептілік, іскерлік, біліктілік, жағдайды өзгерту, қайта өңдеу әдістерінің жиынтығы (В.М. Шепель).

Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылып, нәтиже беретін белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы (В.П. Беспалько).

Педагогикалық технологиялар – теориялық білімді тұтас педагогикалық процестің қызметін практика жүзінде іске асыруға бағытталған және сол процесс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, тұлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен оқушылардың өз-өздерін дамытуларына мүмкіндік тудыратын жүйелі іс-әрекеттер кешені (Н.Д. Хмель).

Әлемдік деңгейге шығудың басты басымдықтарының бірі – жеке тұлғаны дамытуға бағытталған технологияны қолдану. Жеке тұлғаға бағытталған

технологияның мақсаты – білім алушының өздік қабілетін жетілдіру, анықтау, белгілі бір мақсатқа, уақытты ұтымды пайдалануға баулу, танымдық қабілетін дамыту.

Болашақ маманды даярлауда өзіндік жұмыстардың маңызы орасан зор. Студенттің өзіндік жұмысы – бұл студенттің дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызығушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған студенттің оқу әрекетінің ерекше түрі екендігі мәлім. Осыған байланысты студенттің міндеті – мақсатты әрекет ету, ойлану, ой қорыту, дұрыс шешім қабылдау, нақты нәтижеге қол жеткізу. Осындай құрылымнан тұратын біліммен қаруланған студент өздігінен білім алудың көзін ашады, кәсіби шеберлігі қалыптасады.

Білім беруді интенсивтендіру студенттердің интеллектуалдық даму деңгейіне байланысты болады. Кез келген жоғары оқу орны білім алушылардың зияткерлік деңгейін, жеке қасиеттерін жетілдіру үшін барынша тиімді технологияны оқу үрдісіне енгізгені абзал. Қазіргі заман талабы білімді өздігінен алу болса, шығармашылық жұмысты ұйымдастыру негізінде студент меңгеретін кәсіби-танымдық дағдылардың маңызды рөл атқаратыны анық. Студенттің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудағы қызметі: өз әрекетін өзі ұйымдастырушы; өз бетімен ізденіп, шығармашылық әрекет жасаушы; өз тағдырын өзі басқарушы болғандықтан, шығармашылық жұмыстардың орындалуына баса назар аударылуы тиіс.

Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан алсақ, өзіндік жұмыс студенттің оқу әрекетіне ене отырып, студенттің алдына мақсат қоя білуін, мақсатты шешудің жолын іздеуін, әрекет етуін, ойлауын, ой қорытуын, нақты

нәтижеге қол жеткізуін қамтамасыз ететіндігі белгілі. Бұл тұрғыдан алғанда шығармашылық жұмыстардың маңызы зор екендігін түсінеміз.

Шығармашылық – қабілет, дарын, өнерпаздық деген ұғымдармен үндес. Сол себептен ол тұлғадағы дарын, қабілет, өнердің көзін ашу, сол қасиеттерді дамыту мәселесіндегі ерекше іс-әрекет болып табылады. Бұл мәселе зерттеле келе, шығармашылыққа берілген анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары «шығармашылық» сөзімен, «жаңалықпен» қатар «бастамалылық, белсенділік» ұғымдары астарласа қолданылып жүр.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда, кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда. Бізді қызықтырған кейбір зерттеулерге тоқтала кетейік.

Зерттеушілер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуды белгілейді. Кейбір ғалымдар шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа балайды, идеяларды іске асыру (генерация жасай білу), болжай білу қабілеттерін атайды. Шығармашылық жұмыстар білім алушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, шығармашылық ізденісіне жол ашады. Мұндай жұмыстар тек білімді ғана жетілдіріп қоймайды, логикалық ойлаулары дамып, жеке-дара шығармашылық қабілетінің ашылуына түрткі болады.

Шығармашылық жұмыспен айналысқан студент білім беруді компьютерлендіру заңдылықтарын жүзеге асырады. Себебі ол өз жұмысы бой-

ынша қызықты, танымдық, сапалы мәліметтерді іздейді. Ақпаратты технологияның алуан түрлі тәсілдерін қолданатыны сөзсіз. А. Сатбекова «Білім берудің көпсатылығы және шоғырлылығы (циклдігі) заңдылықтары» деген ұғымға мынадай түсініктеме береді: «Білім беру жүйесін демократияландыру және білім сапасына үлкен талаптар қою, білім беруді технологияландыру білімдік үдерістердің шоғырлылығы мен көпсатылығынан танылады. Білімнің шоғырлылығы деген білім алу үдерісін уақытша үзіп, оны практикалық тұрғыдан тану және қажетті жағдайда дәл сол мамандық бойынша, не туыс мамандық бойынша жалғастыру мүмкіндігін білдіреді. Сөйтіп, қазіргі білім алуға ден қойған кез келген адам өзінің кәсіби шеберлігін біртіндеп сатылай отырып, шындай алатын мүмкіндіктерге жетіп отыр. Мұнда да өзін-өзі дамытуға, өз бойындағы қабілеттерді жүзеге асыруға мүдделік тудыратын *жобалау технологиясының* маңызы өте зор. Өйткені бұл технология студенттің өз мүмкіндігі мен өзіне қойылып отырған талаптарды үйлестіре қолдануға үй-рететіні мәлім» – деген ой айтады [2,18].

Шығармашылық жұмыстардың бір бағыты – *оқытудың жобалау технологиясы*. XIX ғасырдың екінші жартысында АҚШ-та пайда болған «жоба әдісінің» теориялық негіздемесі «прагматикалық педагогика» деп аталған. Оның негізін қалаған Джон Дьюи екені белгілі. Жобалау әдісі арқылы болашақ маманның әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігі қалыптасады. Маман кез келген жағдайға бейімделіп, өзінің алдында туындаған мәселені шеше алу қабілетін, икемділігін, мүмкіншілігін көрсете алады. Осыған орай, жобалау әдісі өзінің кешенділігімен, проблемалық мәселені шешуге арналғандығымен ерекшеленеді. Ж. Дәулетбекова жо-

балау технологиясының кешенділік сипатын: «Бұл технологияда білім алушының шығармашылық зерттеушілік, әрекеттік, танымдық, креативтік, мәдени қатынас қабілеттерін қатар дамытуға мүмкіндік туады» деп көрсетеді [3, 44]. Жобалау әдісінде студенттің өздігінен жұмыс істеу қабілеті дамып, ұшталады. Кредиттік оқыту жүйесінің талабы – студенттің өз бетімен білімін толықтыруға, ізденуге үйрету. Жобалау әдісі осы мәселе негізінде бірнеше дидактикалық міндеттерді шешеді. Оқытудың жобалау технологиясының маңызын Ә. Әлметова докторлық диссертациясында былай деп ой түйіндейді: «Жобалау әдісі студентті белсенді танымдық әрекетке жұмылдырады, бірлесіп, ынтымақтасып, жұмыс істеуге үйретеді. Студенттер жобаны орындау барысында әрқайсысының өзіне тапсырылған жұмысты тиянақты орындауы, жалпы жобаның сәтті аяқталуының кілті екенін түсінеді. Сондықтан әр студент өзіне тапсырылған тақырып ауқымында жаңа ақпараттар, соны мәліметтер іздеуге белсене кіріседі. Мұны екінші сөзбен айтқанда студенттің өзі үшін жаңа білім алуы деп те түсінуге болады» [4, 213].

Оқытудың кредиттік жүйесінде заман талабына сай технологияларды қолдануда ғалым-әдіскерлер мынадай талаптар орындалуы тиіс деген тұжырым айтады:

- пәндік білімді игеру;
- алған білімдерін тәжірибеде қолдана білу;
- пәнаралық байланысты нығайту;
- әртүрлі ақпараттармен жұмыс істей білу;
- ақпараттық технологияны тиімді, ұтымды қолдану;
- топпен, жұппен жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыру;
- берілген проблеманы шешу;
- өздігінен шешім қабылдауға дағ-

дылану;

- танымын кеңейту;
- шығармашылық белсенділігінің таңылуы;
- өз ойын еркін айтуға дағдылану;
- жауапкершілік;
- жұмысты тиянақты орындау дағдысы.

Ал жобалау технологиясы осы талаптардың барлығына жауап береді. А. Сатбекова оқу үрдісіне жобалау технологиясын енгізудің бірнеше себептерін атап көрсетеді:

«Біріншіден, бұл технология студенттің білім деңгейін дамытуға көмектеседі, себебі ол өз бетінше әрекетке түсіп ізденеді.

Екіншіден, бұл технология бойынша студент тақырып таңдауына мүмкіндік алады.

Үшіншіден, жобалау аясында ынтымақтастықта, бірлікте жұмыс істеу идеясы болады.

Төртіншіден, жобалау технологиясы шығармашылық белсенділікті тудырады.

Бесіншіден, жобалау технологиясы сабақта қолданылғанда оқытушыға да, студентке де жауапкершілік жүктейді, әрі өзіне деген сенімділігін арттырады.

Алтыншыдан, жобалау жұмыстары өзара жарысты, пікірталасты, ең бастысы белсенділікті талап етеді.

Жетіншіден, жобалау технологиясы оқытушының, студенттің жұмысына, ғылыми дәлелдемелеріне қанағаттану сезімін, яғни, «эгофакторлық» сенім ұялатады» [2, Б. 54].

Қорытынды

Білім беру үрдісіне жобалау технологиясын енгізу субъектіге қатысты мынадай тұжырымдарды тудырады: білім алушының тәжірибе жүзінде алынған білімі құнды әрі нақты болады; индуктивті жолдан дедукцияға қарай бағытталуды негізге алады; студенттің танымдық белсенділігі жоғары болады; студент белсенді субъектіге айналады. «Субъект – субъект» деген қағида жұмысымен іске асады.

Ал жалпы білім беру үдерісіне жобалау оқыту технологиясының маңызы – оқытудың кредиттік жүйесі енгізілгендіктен, осы жүйеге сай заман талабына толық жауап беретін технологияның бірі екендігінде, осы жобаның іске асуы ықпалынан өз ойын ашық айта алатын, полемикаға дайын, бәсекеге қабілетті тұлғаны дайындап шығаруға болады. Сонымен қатар білім алушының пәнге деген қызығушылығы, жауапкершілігі, белсенділігі, мақсат қоя білу қасиеті, шығармашылығы ерекше сатыға көтерілетіні айқын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына // Егемен Қазақстан, 2006. 27 мамыр.

2. Сатбекова А. Жобалай оқыту технологиясы: қазақ тілі өзгетілді дәрісханаларда. – Алматы, 2011. – 263 б.

3. Дәулетбекова Ж.Т. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінен сөз мәдениетін оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... автореф.: 13.00.02. – Алматы, 2008. – 44 б.

4. Әлметова Ә. Қазақ тілі сабағында студенттердің сұхбаттық тілдесі мәдениетін қалыптастырудың ғылыми әдістемелік негізі: пед. ғыл. докт. автореф.: 13.00.02. – Алматы, 2007. – 213 б.

REFERENCES

1. Nazarbaev N.A. To the economy of knowledge through the improvement of innovations and knowledge / Independent Kazakhstan, May 27, 2006.
2. Satbekova A. Education design technology: Kazakh language to foreign audiences. – Almaty, 2011. – 263 pp.
3. Dauletbekova Zh.T. Scientific and methodological basis of teaching the culture of the Kazakh speech in general secondary schools: Synopsis of dissertation for the degree of the Doctor of Pedagogical Sciences: 13.00.02. – Almaty, 2008. – 44 pp.
4. Almetova A. Scientific and methodical basis for the formation of culture of dialogue conversation of students in the classroom of the Kazakh language: Synopsis of dissertation for the degree of the Doctor of Pedagogical Sciences: 13.00.02. – Almaty, 2007. – 213 pp.

БАТЫРОВ М.Е. ВЛИЯНИЕ ТЕХНОЛОГИИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ НА КРЕДИТНУЮ СИСТЕМУ ОБУЧЕНИЯ

В предлагаемой статье рассматриваются роль и значение современных технологий обучения в кредитной системе обучения. Автор приходит к заключению, что применение данных технологий предполагает соблюдение следующих требований: усвоение знаний по дисциплине; умение применять полученные знания на практике; укрепление межпредметных связей; умение работать с различной информацией; оптимальное применение информационных технологий; формирование навыков работы с группой; умение находить решение предложенной проблемы; навыки принятия самостоятельных решений; расширение кругозора; проявление творческой активности; навыки свободного изложения своих мыслей; ответственность; навыки добросовестного выполнения работы.

По мнению автора, технология проектирования обучения отвечает всем этим требованиям. Указаны несколько причин внедрения технологии проектирования обучения в учебный процесс. Таким образом, внедрение в учебный процесс технологии проектирования обучения относительно субъекта позволяет сделать следующие выводы: знания, реализованные обучающимся на практике, представляют особую ценность; берется за основу направление от индукции к дедукции; повышается познавательная активность студента; студент становится активным субъектом.

Ключевые слова: учебный процесс, студент, технология обучения, кредитная система обучения, технология проектирования обучения, знания, субъект.

BATYROV M.E. INFLUENCE OF THE PROJECTING OF EDUCATION'S TECHNOLOGY ON THE CREDIT SYSTEM OF EDUCATION

The article examines the role and significance of the modern technologies of education in the credit system of education. The author makes the conclusion: usage of these technologies assumes observance of the following demands: mastering of knowledge on the discipline; the abilities to use the received knowledge in the practice; strengthening the interdisciplinary connections; the ability to work with different information; an optimal usage of information technologies; formation of skills of work with a group; the ability to find the decision of the proposed problem; skills of making of self-dependent decisions, broadening of outlook; displaying creative activity; skills of easy expounding

of the thoughts; responsibility; skills of honest fulfillment of work.

To the author's opinion the technology of projecting of education meets all the requirements. Some reasons of introduction of projecting of education's technology into educational process are shown. So introduction of the technology of projecting into educational process relative to the subject permits to make the following conclusions: knowledge realized by students in practice is a special value; the basic direction is from induction to deduction; cognitive activity of a student is increased; a student becomes an active subject.

Keywords: educational process, a student, technology of education, credit system of education, projecting of education's technology, knowledge, a subject.

ӘОЖ 373.1

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІНДЕГІ МОДЕЛЬДЕУДІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

А.А. БУЛАТБАЕВА

П.Ш. МАХАНОВА

Ж.Б. ҚОҢЫРОВА

Соңғы он жылдықта білім беру саласында болған түбегейлі өзгерістер нәтижесі педагогика ғылымы саласы алдына бірқатар айрықша міндеттер қояды. Сол міндеттердің бірі оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту әдістерін түбегейлі жақсарту болып табылады.

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетіндегі модельдеуді ұйымдастыру – оқытудың инновациялық бағыттарының бірі. Модельдеу оқушылардың оқу міндеттері жүйесін шешуде оқыту әдістерінің бірі ретінде жетекші маңызға ие. Мақалада оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетіндегі модельдеу кезеңдері қарастырылған.

Ресейлік ғалымдардың (Л.А. Растрин, В.А. Марков, К.Е. Морозов, К.Б. Батороев, Н.Г. Салмина, А.А. Смирнов, В.В. Гузев, М.Е. Бершадский және т.б.) ғылыми-теориялық еңбектеріне талдау жасау негізінде модельдеу үрдісінің негізгі кезеңдеріне мысал келтірілген.

Мақала авторлары модельді «оқу» біліктілігі, яғни шартты белгілеулер арқылы қандай да бір оқу материалының мазмұнын көре білуді қалыптастыру, абстрактілі және материалдық нысанды шартты белгіге ауыстыру арқылы модель құру, сондай-ақ олардың функционалды мақсатына сәйкес модельдеуді оқыту оқушылардың зияткерлік әлеуетінің даму контекстінде өзекті екендігіне баса назар аударған.

Кілтті сөздер: модель, модельдеу, модельдеу кезеңдері.

Кіріспе

Оқу-танымдық қызметте оқушылар менгеруі тиіс теориялық білімнің көлемі

ұлғаюда. Білім беру үдерісінде және басқа да алуан түрлі кәсіби міндеттерді шешуде туындайтын бұл мәселе ма-

мандардың ықыласын аударып отыр.

Теориялық білімнің дәлелденген жорамал ретінде емес, эмпирикалық деректерден айырмашылығы жоқ, дәйекті түрде белгіленген «деректер» ретінде жеткізілуі оқушыларда теориялық модельдің талассыз екендігіне санадан тыс сенушіліктің қалыптасуына алып келеді.

Оқу-танымдық іс-әрекетте адамда ойлау қабілетінің дамуы белгілік-символдық құралдар арқылы белсендіріліп, ұйымдастырылатын әрекеттерге сүйенеді. Сондықтан теориялық ойлаудың функциялық құрылымына талдау жасауда лингвистика, психоллингвистика және семиотикада ұсынылатын заңдылықтарды ескеру қажет.

Негізгі бөлім

Модельдеу технологиясының басты артықшылығы – оқыту үдерісінде оқушыларға білімді механикалық меңгертіп қана қоймай, ойлау іс-әрекетін белсендіру арқылы білім мазмұнын қайта өңдеуден өткізуге мүмкіндік береді. Модельдеудің мазмұны мен формасы оқыту барысында нақты қандай модель құрастырылуына байланысты болады. Біз оқытудағы модельдеуді объектіні мазмұндық талдау компоненті ретінде қарастырамыз.

Алдымен модельдеудің негізгі кезеңдерін негіздеп алайық. Модельдеу ұқсастық теориясына, ал нысанның модель бойынша зерттелу мүмкіндігі аналогиялық принципке негізделетіні белгілі.

Құрылымдық-логикалық аналогияның *изоморфизм* және *гоморфизм* деп аталатын негізгі екі түрі бар. *Изоморфизм* екі жүйенің біркелкілік, теңдік қатынас типін сипаттайды (модельдеуге қатысты айтатын болсақ, модельдеу нысаны мен оның моделі). Бұл бір жүйені зерттеу барысында алынған білімді екіншісіне қолдануға мүмкіндік береді. *Гоморфизм* – симметрия-

лы емес қатынас, біржақты, яғни тек ұқсастық қатынас. Мұнда білім тек нысаннан бейнеге, модельден модельдеу нысанына тасымалдануы мүмкін.

Л.А. Растрин мен В.А. Марков модельдеу үдерісі бағынуға тиіс модельдеу қағидалары деп аталатын мынадай принциптерді бөліп қарастырған:

1. Байқампаздық қағидасы модельдеуде зерттеу жүргізу кезінде барлық елеулі ақпараттың қолданылуын талап етеді.

2. Тұрақтылық қағидасы модельдеу нысанында белгілі бір тұрақтылықтың болуын не болмаса оның өзгерісі тым тез болмауын немесе оның өзгерісі қандай да бір заңдылықтарға бағынуын, жүйелі түрде болуын талап етеді. Олай болмаған жағдайда модельдеу міндеттері өзінің мән-мағынасын жоғалтады.

3. Экстраполяциялық қағидасы модельден белгілі бір ортақтықты, яғни бір модель үшін жасала тұра, біріншісінен қандайда бір тұрғыдан жақсырақ екінші біреуіне қолданылу алуын талап етеді [1, Б. 127–29].

Біздің түсінігімізде модель мынадай сипаттамаларға ие болуы керек: даралықтың болуы; шынайылықта жоқ; прогностикалық сипатта; түсіндірмелік сипатта; модельдеу барлық оқушылардың ұйымдастырушы іс-әрекет құралы ретінде; келешекте мүмкін болатын жағдайларда құрылымдау құралы, даму барысында балама табу.

Философиялық-гносеологиялық әдебиеттерге талдау нәтижесі ғалымдардың модельдеу үдерісі кезеңдерін әртүрлі белгілейтінін көрсетті. Бұл нақты қызметтің қандай да бір модельдер тобымен қарастырылуына байланысты. Мысалы, К.Е. Морозов өз зерттеу-лерінде модельдеу үдерісінің мынадай 4 негізгі кезеңін атап өтеді: 1-кезең – модельдің құрылуы, 2-кезең – модельдің көмегімен қажетті ақпарат

алу, 3-кезең – ақпарат экстраполяциясы, 4-кезең – мұндай экстраполяцияның практикада тексерілуі [2, Б. 35]. Ал К.Б. Батороев модельдеу үдерісінің 6 кезеңін ұсынады: 1-кезең – модельді таңдау немесе құрылымдау, 2-кезең – нысанның орнын модельдің басуы, 3-кезең – модельдің зерттелуі, 4-кезең – ақпарат алу және ақпараттың түпнұсқаға ауыстырылуы, 5-кезең – модель туралы білімнің түсіндірілуі, 6-кезең – модельдеу қорытындысы мен модельдің құрылу тәсілінің практикада тексерілуі [3, Б. 10]. Ресейлік ғалымдар Б.Л. Глинский, Б.С. Грязнов, Б.С. Дынин, Е. Никитин өз еңбектерінде модельдеу үдерісінің жиынтық құрылымының сипаттамасын ұсынады. Олар модельдеу үдерісін мынадай кезеңдерге бөледі: модельдеу пәнінің таңдалуы мен міндеттердің қойылуы; модельдің жасалуы (таңдалуы); модельдің зерттелуі; білімнің модельден түпнұсқаға аударылуы, модель арқылы алынған деректердің ақиқаттығын білім жүйесіне енгізу арқылы модель нысаны мен олардың түпнұсқа туралы білімінің тексерілуі [4, Б. 60].

Н.Г. Салмина модельдеудің фило-софиялық анықтамасына сүйене отырып, бұл кезеңдерді модельдеудің күрделі қызметінің компоненті және оларға лайықты жеке әрекеттер ретінде қарастыруды ұсынды. Модельдің құрылуы шынайылықтың модельдеу нысаны (немесе оны сипаттайтын мәтіндер) ретіндегі алдын ала талдауын болжайтындықтан, сол қызметтің құрамына алдын ала кезең ретінде шынайылықтың (мәтіндердің) талдауының әрекеті кіреді. Нәтижесінде модельдеу қызметінің мынадай құрамы шығады:

1) алдын ала талдау;

2) шынайылықтың немесе шынайылықты сипаттайтын мәтіннің заттық немесе графикалық құралдар арқылы

жүзеге асырылатын таңбалық-символдық тілге ауысуы;

3) модельмен жұмыс істеу;

4) шынайылық (мәтін) пен модельден алынған қорытындының қатынасы [5, Б. 97].

Тіл ғылымында алдын ала талдаудың мақсаты – мәтінді, тапсырманы түсіну, ал егер мәселе міндеттер жайында болса, міндеттің пәндік жағдайының қалпына келтірілуі. Мақаланың жеке мағыналық бірліктерге бөлінуі мен ситуация элементі сипаттамаларының қалпына келтірілуі әртүрлі материалда (міндеттер, оқуға арналған мәтіндер, нысандарды, олардың сипаттамасын, бір-бірімен байланысын және т.б. нақты ерекшелік отырып мәтіндерді өз бетінше құрастыру) көрініс табуы мүмкін. Мәтіннің семантикалық талдауы модельдеудің бірінші кезеңіндегі басты әрекет болып табылады. Мәтінді түсінуге бағытталатын талдаудың әдіс-айлаларының бірі – «мағынаның тіректік пункттерін» ерекшелік. А.А. Смирнов бойынша, мағынаның тіректік пункттері – түсінудің тіректік пункттері [6, Б. 70].

Модель таңдау немесе құрылымдау. Модельдеуді бастамас бұрын түпнұсқаның зерттеу пәні болып табылатын байланыстары мен қатынастары айқындалады және оның кейбір құрылымдары мен байланыстарының модельге ұқсастығы анықталады. Сонымен қатар түпнұсқа туралы қажетті ақпарат алу үшін қандай қасиеттердің зерттелу керектігі көрсетіледі. Модельдеу нысаны мен зерттелуі түпнұсқа туралы білімді кеңейте және тереңдете түсуі тиіс екінші модель жасау үдерісінде қатар жүреді. Модель жасаудағы ізденіс оның жалпы сызбасын алдын ала болжауды қажет етеді, модель тілі эргономика зерттеулерінде көрсетілген бейнені құрастыру принциптері ретінде белгіленген бірқатар ерекшеліктерді

ұсынады:

- жинақылық принципі;
- жинақтау және бірегейлендіру принципі;
- негізгі мағыналық элементтерді ерекшелеу принципі;
- автономдылық принципі;
- құрылымдылық принципі;
- кезеңділік (бірізділік) принципі;
- әдеттегі ассоциациялар мен таптау-рынды (стереотип) қолдану принципі.

Бейненің бұл құралдары мен ұстанымдары қабылдаудың тиімділігін арттыруға бағытталады [7, Б. 3].

Оқушыларда модельді құрылымдауды қалыптастыру мынадай кезеңдерден тұрады: ақпаратты жасанды тілдерде (бейненің символдануы) кодтау (түрлендіру) және таңдау немесе құбылыстың мәнін көрсететін символдық моделін жасау.

Модельмен жұмыс жасау. Көп жағдайда міндеттерді шешу үшін модельдермен жұмыс жасау қажеттігі туындайды: оларға талдау жасау, түрлендіру, бұған дейін құрылған модельдер талдауы негізінде жаңа модельдер құрылымдау. Модель талдауы модельдегі элементтер мен қатынастардан, олардың құрамы мен сипаттамаларын қарастырудан басталады. Талдау қорытындысында жетіспей тұрған немесе артық деректер анықталады. Модельдің бұдан кейінгі талдануы екі формада түрлену қажеттігіне алып келуі мүмкін:

- 1) әрі қарай құру;
- 2) қайта құрылымдау, яғни жаңа модельдің құрылуы үшін екіншісінің бұзылуы.

Жалпы, модельмен жұмыс жасауды негізгі екі кезеңге бөлуге болады: 1) алынған модельдің талдануы; 2) модельдің түрленуі.

Модельде істелген жұмыс қорытындысы мен шынайылықтың (мәтін) арақатынасы. Модельдеу шынайылық


немесе оның сипаттамасы жайында жаңа деректер алу үшін жүзеге асырылады. Сондықтан модельдеу қызметінің маңызды сатысы – модельде істелген жұмыс қорытындысы мен шынайылықтың (мәтін) арақатынасы. Модельдеудің компоненті ретінде маңыздылығы бір жағынан алынған жауапты тексеру құралы болса, екінші жағынан модельдік құралдармен берілген ақпаратты ауызша сипаттау құралы құралы болып табылады [5, Б. 112].

Жалпы алғанда, модельдеу – оқытудың қандай әдісінде болса да іс-әрекеттің айрықша түрі. Мысалы, В.В. Гузеев өз зерттеулерінде «Білім беру үдерісінің ақпараттық моделі» нобайы негізінде білім беру әдісін топтастыруды ұсына отырып, модельдік әдістің дербес екендігін айтады [8].

Егер оқушы зерттеу барысында неден бастау қажеттігін, қандай аралық қорытындыдан алуды, оған қалай жетуді білетін болса, оның білім алудағы функциясы осының барлығын есінде сақтап, керек кезінде іске асыруына түйінделеді. Бұл – *түсіндірмелік-көрнекілік әдіс*. Егер оқушыға басқа барлық шарттар беріліп, тек аралық қорытынды берілмесе, оқытудың *ақпараттандырылған әдісі* деп аталады. Егер аралық қорытынды шешімдері оқушыға белгілі болса, бірақ оларды алу әдістері оқушыға беймәлім болып, әртүрлі жолдарды қолданып көру қажет болса, бұл – оқытудың *эвристикалық әдісі*. Егер аралық қорытынды да, оның шешу жолдары да белгісіз болса, оқушы қазіргі кезде бар білімі мен қажетті білім карама-қайшылығына тап болады. Бұл – оқытудың *проблемалық әдісі*. Егер осы шарттарды мұғалім айқындамай, оны оқушы міндеттерді түсінуіне байланысты өзі іріктесе, онда оқушы алынған нәтижені жоспарланғанмен салыстырады. Мақсатқа сай келмеген жағдайда

оқушы бастапқы шарттарға қажетті түзетулер енгізіп, өтілген кезеңдерден қайта өтеді. Бұл үдеріс модельдеу үдерісін қайталайды, сондықтан

ол *модельдік әдіс* деп аталады. Бұл жіктеуде әрекет ету тәсілдерін меңгеру компоненті басты жүйе құраушы фактор болып табылады [9, Б. 24].



1-сызбанұсқа. В.В. Гузеев бойынша әдісті анықтау алгоритмі

Солай бола тұра, оқушылар білім алушыдан білімді игерген нысанға, дайын оқу ақпаратын қабылдаудың қажетті білімді өзі табатын, тіпті, осыған қажетті әрекет ету тәсілдерін құрылымдайтын белсенді оқу субъектісіне айналады. Мұндай жағдайда мұғалімнің позициясы білім мазмұнын тасымалдаушыдан – қызметі мәселені сауатты қою, оны шешу үдерісін ұйымдастыру және оқушылар алған нәтиженің жоспарланған нәтижеге сәйкестігін сараптайтын менеджерге, коммуникативті ұйымдастырушы және сарапшыға айналады [10, Б. 88].

Қорытынды

Сонымен, оқушылар модельдеу іс-әрекетінің толық құрамын меңгеруге негізделген оқыту үдерісінде модельді қолдану тәсілі функционалдық бо-

лып табылады, яғни модель объектінің әрекет етудегі қызметін орындауы тиіс және модель қайта құрастыра алу мен соның негізінде зерттеу объектісі туралы ақпарат алуға мүмкіндік беруі тиіс.

Модельдеу мәселесін зерделеу нәтижесі қазіргі педагогикалық қауымдстықтың білім беру тәжірибесінде модельдеуді қолдануды қажетсінетінін көрсетеді. Ол бірнеше себептерге байланысты:

- оқушылардың таным және оқу әдістерін толыққанды әрі берік меңгеруі үшін;
- оқушыларда толыққанды ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыру үшін;
- ойлаудың ғылыми-теориялық стилін қалыптастыру үшін қажет болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Растринг Л.А., Марков В.А. Кибернетические модели познания. Рига: Зинатне, 1976. – 268 с.
2. Морозов К.Е. Математическое моделирование в научном познании. – М.: Мысль, 1969. – 135 с.
3. Батороев К.Б. Аналогии и модели в познании. Новосибирск: Наука, 1981. – 320 с.
4. Глинский Б.Л., Грязнов Б.С., Дынин Б.С., Никитин Е. Моделирование как метод научного исследования (гносеологический анализ) – М.: Изд-во Моск. у-та, 1965. – 248 с.
5. Салмина Н.Г. Знак и символ в обучении. – М.: Изд-во Моск. у-та, 1988. – 288 с.
6. Смирнов А.А. Проблемы психологии памяти. М., 1966 // Развитие и современное состояние психологической науки в СССР. М., 1975. – С. 70.
7. Бершадский М.Е. Понимание как педагогическая категория. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2004. – 176 с.
8. Гузеев В.В. Эффективные образовательные технологии: Интегральная и ТОГИС. – М.: НИИ школьных технологий, 2006. – 208 с.
9. Гузеев В.В. Методы обучения и организационные формы уроков. – М.: Знание, 1999. – 97 с. – (Серия «Системные основания образовательной технологии»)
10. Бершадский М.Е., Гузеев В.В. Дидактические и психологические основания образовательной технологии. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2003. – 256 с.

REFERENCES

1. Rastrigin L.A., Markov V.A. Cybernetic models of cognition. – Riga: Zinatne, 1976. – 268 pp.
2. Morozov K.E. Mathematical modeling in scientific knowledge. – Moscow: Thought, 1969. – 135 pp.
3. Batoroyev K.B. Analogies and models in cognition. – Novosibirsk: Science, 1981. – 320 pp.
4. Glinsky B.L., Gryaznov B.S., Dynin B.S., Nikitin E. Modeling as a method of scientific research (epistemological analysis). – Moscow: Publishing House of the Moscow State University, 1965. – 248 pp.
5. Salmina N.G. Sign and symbol in teaching. – Moscow, Publishing House of the Moscow State University, 1988. – 288 pp.
6. Smirnov A.A. The problems of the psychology of memory. Moscow, 1966 // The development and present state of psychological science in the USSR. Moscow, 1975.
7. Bershadsky M.E. Understanding as a pedagogical category. – Moscow: «Pedagogical Search» Center, 2004. – 176 pp.
8. Gouzeev V.V. Effective educational technologies: Integral and TOGIS. – Moscow: Scientific-Research Institute of School Technologies, 2006. – 208 pp.
9. Gouzeev V.V. Teaching methods and organizational forms of lessons. – Moscow: Knowledge, 1999. – 97 pp. – (Series “System foundation of educational technology”)
10. Bershadsky M.E., Gouzeev V.V. Didactic and psychological foundations of educational technology. – Moscow, «Pedagogical Search» Center, 2003. – 256 pp.

БУЛАТБАЕВА А.А., МАХАНОВА П.Ш., КОНЫРОВА Ж.Б. ЭТАПЫ МОДЕЛИРОВАНИЯ В УЧЕБНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ

Произшедшие за последние десятилетия кардинальные перемены в сфере образования ставят перед педагогической наукой и практикой целый ряд новых исключительно важных задач. Одной из них является задача коренного улучшения методов обучения и воспитания учащихся.

Организация моделирования в познавательной деятельности учащихся – одно из направлений инновации в обучении. Моделирование как один из методов обучения является ведущим в решении учащимися системы учебных задач. В статье изучены этапы моделирования в учебно-познавательной деятельности учащихся.

Были приведены примеры основных этапов процесса моделирования на основе анализа работ российских ученых (К.Е. Морозов, К.Б. Батороев, Н.Г. Салмина, А.А. Смирнов). Авторы выделяют, что обучение моделированию, которое включает в себя формирование умения «читать» модели, т.е. видеть за условными обозначениями какое-либо содержание учебного материала, создавать модели, заменяя абстрактные и материальные объекты условными знаками, а также оперировать ими в соответствии с их функциональным назначением, актуально в контексте развития интеллектуального потенциала школьников.

Ключевые слова: модель, моделирование, этапы моделирования.

BULATBAEVA A.A., MAKHANOVA P. Sh., KONYROVA Zh.B. MODELING STAGES IN EDUCATIONAL-COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS

The profound changes that took place in the last decades in the sphere of education pose in front of pedagogical science and practice a variety of new, extremely important tasks. One of them is the task to radically improve the methods of training and education of students.

Use of modeling in cognitive activity of students is one of the innovation trends in education. Modeling is the leading teaching method in addressing by the students of the system of educational tasks. The article studies the stages of modeling in educational-cognitive activity of students.

The authors instance the main stages of modeling process based on the analysis of works of Russian scientists (K.E. Morozov, K.B. Batoroyev, N.G. Salmina, A.A. Smirnov). They emphasize that the teaching of modeling, that includes formation of skills to «read» the model that is to see behind the symbols some content of educational material, to create models replacing the abstract and material objects by symbols, as well as to operate with them in accordance with their functional purpose, is relevant in the context of the development of intellectual potential of students.

Keywords: model, modeling, modeling stages.

УДК 159.922.7/.8

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИЧНОСТИ РЕБЕНКА В НЕПОЛНОЙ СЕМЬЕ

А.Б. ШАЛГИМБЕКОВА

В этой статье рассматривается проблема морально-нравственного, психологического климата, возникающего при воспитании личности ребенка в неполной семье. Неполная семья, которая возникла в результате развода, вне брачной рождаемости, отрицательно сказывается на детях. Нездоровая атмосфера в семье для ребенка означает ухудшение условий для его эмоционального, духовно-нравственного развития. Развод является одним из сильнейших потрясений в жизни ребенка, что часто ведет к возникновению психологического синдрома: состояния беспокойства, неуверенности, страха, утраты равновесия. Автор обращает внимание на то, что частым следствием распада семьи является изменение отношения ребенка к матери. Повторный брак не всегда способен компенсировать ребенку тот ущерб, который был нанесен ему ранее в неполной семье. Любой развод аморален, поэтому общество вправе вмешиваться в семейную жизнь и применять соответствующие нравственные санкции по отношению к легкомысленным отцам и матерям. А самим супругам нужно более ответственно относиться к рождению ребенка, если нет уверенности в браке.

Ключевые слова: неполная семья, развод, семейная политика, родительский потенциал, семейные отношения, семейные ценности.

Введение

Развитие и совершенствование педагогической работы в семье в Казахстане является одной из функциональных проблем современной науки и практики. Необходимость повышения качества взаимодействия учителей и родителей, школы и семьи в воспитании подрастающего поколения особенно актуальна в условиях тотальных реформ всех социальных институтов и самого общества. Семья, ее интересы, нужды становятся центром социальной работы, а семейная политика – приоритетным вектором в социальной политике государства, что позволяет ослабить негативные последствия реформирования общества, а государственную политику делает более эффективной, отвечающей полностью нуждам и потребностям казахстанского общества [1].

Родители сами строят свою воспи-

тательную систему. От них во многом зависит, какой ребенок вырастит, какого члена общества удастся из него воспитать, какие ценности, нормы и правила передать. Это воспитание может быть и позитивным, и негативным. Соответственно повышение воспитательных возможностей семьи является важной проблемой. Успешность семейного воспитания во многом зависит от типа семьи, от ее социального статуса. Вследствие этого значимые различия в воспитании детей наблюдаются между полной и неполной семьей.

Наиболее проблематичной и уязвимой в воспитательном плане является неполная семья. Ее удельный вес в числе других семей довольно высок.

Несмотря на особую роль матери в воспитании ребенка, отсутствие отца в семье отрицательно влияет на воспитательные функции неполной семьи.

Поэтому сетования одинокой матери, связанные с плохим поведением «трудного» сына, имеют объективную основу и оправдывают ее, хотя мы и знаем сотни и тысячи вдов, вырастивших детей достойными людьми.

